



bl.group.name__age

Балаларға арналған әңгімелер: Спандияр Ақаев «Құмырсқаның илеуін бұзба!»

Спандияр Ақаев «Құмырсқаның илеуін бұзба!»

Айра-жайра қылып, құмырсқаның илеуін бұзып тастаса, оның балалары, кішкентай құмырсқалар, күнге күйіп, жаңбырдың суына ағып бәрі бірдей мерт болып қалмай ма?! Ал, құмырсқалар кішкентай болғанына қарамастан ұйымшыл келеді және ұйымдасып, жабыла жұмыс істейтін еңбекқор жәндік. Олар шыбын-шіркейдің өліктерін, басқа да зиянды заттарды жеп, қоршаған ортаны тазартып, табиғатқа көп пайдакелтіреді. Сондай-ақ орманда жүріп адасып кеткен болсаңыз, құмырсқаның илеуіне қарап, бағыт-бағдарды анықтап алуға болатын көрінеді. Өйткені құмырсқалар өз илеуін тек солтүстікке қаратып салады екен. Сондықтан олардың илеуін бұзбаған, баспаған дұрыс. Қайта оларды қорғау сауап болады.